

Атырау облысының аймақтық инвестициялық бағдарламасы және жергілікті атқарушы органының қарыз алуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 3 тамыз N 1030

"Бюджет жүйесі туралы" Z990357_ Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 шілдедегі N 1082 P001082_ қаулысымен бекітілген Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы есебінен қаржыландырылатын аймақтық инвестициялық бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісу рәсімі жөніндегі ережеге сәйкес, сондай-ақ Атырау облысын әлеуметтік-экономикалық дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жергілікті атқарушы органның қарыз алуы есебінен қаржыландырылатын мынадай жобаларды іске асыруды көздейтін Атырау облысының 2001 жылға арналған аймақтық инвестициялық бағдарламасына келісім берілсін:

1) 930000000 (тоғыз жүз отыз миллион) теңге қаржыландыру көлемімен елді мекендерді газдандыру;

2) облыстың 7 елді мекеніндегі су тазарту шағын қондырғыларының құрылысын салу - 431000000 (төрт жүз отыз бір миллион) теңге;

3) жол құрылысы - 519663000 (бес жүз он тоғыз миллион алты жүз алпыс үш мың) теңге;

4) шағын және орта бизнесті, өнеркәсіп тауарларын өндірушілерді қолдау - 870746576 (сегіз жүз жетпіс миллион жеті жүз қырық алты мың бес жүз жетпіс алты) теңге;

5) Қазақстан Республикасы Атырау қаласының аумағына жерасты суы жайылуынан инженерлік қорғау - 903000000 (тоғыз жүз үш миллион) теңге.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.27. N 1713 қаулысымен. P 0 1 1 7 1 3 _

2. Атырау облысы әкімінің заңнамада белгіленген тәртіппен, "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген борышы лимитінің шегінде аймақтық инвестициялық бағдарламаны іске асыруға 2751409576 (екі миллиард жеті жүз елу бір миллион төрт жүз тоғыз мың бес жүз жетпіс алты) теңге мөлшерінде әрі мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару арқылы заем туралы келісім жасасу жолымен 903000000 (тоғыз жүз үш миллион) теңге көлемінде заемдар тарту туралы ұсынысы қабылдансын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.12.27. N 1713 қаулысымен. P 0 1 1 7 1 3 _

2-1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Атырау облысы жергілікті атқарушы органының заем туралы шартын ресімделетін құжаттар мен мәміленің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне құқықтық сараптама жүргізісін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тиісті қорытындыны ұсынсын.

ЕСКЕРТУ. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.27. N
1713 қаулысымен. P011713_

2-2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

- 1) тартылатын заемның қаржылық сараптамасын жүзеге асырсын;
- 2) мемлекеттік борышты басқару шегінде заемның тіркелуін, жергілікті атқарушы органның қарызды өтеуге қызмет көрсетуін әрі өтеуінің мониторингі мен бақылауды қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.27. N
1713 қаулысымен. P011713_

2-3. Атырау облысының әкімі:

- 1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне осы қаулының 2-1 және 2-2-тармақтарына сәйкес тартылатын заемға құқықтық және қаржылық сараптама жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынсын;

- 2) заңнамада белгіленген тәртіппен заемның тартылуын қамтамасыз етсін;

- 3) заем қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін;

- 4) жергілікті бюджет қаражатынан заемға қызмет көрсетілуі мен өтелуін

қамтамасыз етсін;

- 5) заем қаражаттарын игеру оған қызмет көрсету мен өтеу жөніндегі мәліметтің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тұрақты ұсынылуын қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 2-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.27. N
1713 қаулысымен.

P011713_

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК